

УДК 371.3: 373.51

А.К. Сатынская, кандидат педагогических наук,

А.Т. Кульгуманова

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

### Мектептің орта буынына көшуге оқушының бейімделуі кезеңіндегі педагогтың қызметі

***Аңдатпа.** Аталған мақалада мектептің бесінші сынып оқушыларының орта буынға көшкен кезде толқулары мен өздерін қолайсыз сезіну жағдайын анықтайтын негізгі себептер қарастырылған. Бейімделу кезеңінде тиімді өтуді ұйымдастыратын оқушылардың шығармашылық аспектілері ашылады. Процестің психологиялық-педагогикалық алып жүруіне бейімдеу жүйелі түрде өткізілуі тиіс.*

***Түйін сөздер:** оқу дайындығы, әлеуметтік ортасы, қызмет жүйесі, факторлар.*

Мектептің орта буынына көшуге оқушының бейімделуі кезеңінде, психолог пен педагогтың жұмыс жасау мақсаты жаңа жағдайда оқушының оқу дайындығын анықтау және дайындық деңгейі төмен балаларға көмек көрсету. Бейімделу ұғымының мәнін қарастырайық (латын сөзінен аударғанда *adapto* - икемдеу деген сөзді білдіреді), бұл сөз биологияда пайда болды және онда ағзаның, оның органдары мен қоршаған орта жағдайларында клеткаларының құрылысы мен функциялары қаралады. Бейімделу процестері гомеостазды (тұрақтылық), қоршаған ортамен ағзаның тепе-теңдік психологиялық жағдайын сақтауға бағытталған. Жағымсыз әрекеттерге деген бейімделу реакцияларының бірқатар жалпы ерекшелігі бар және жалпылама бейімделу синдромы ретінде қарастырылады. Бейімделу процесі өз дамуында бірнеше кезеңнен тұрады: бастапқы декомпенсация, жартылай және толық компенсация.

Әлеуметтік бейімделу жеке тұлғаның әлеуметтік орта жағдайларына икемделуі ретінде қарастырылады және жеке тұлғаның әлеуметтік рөлді қабылдаған жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі әлеуметтік психологиялық механизмдердің бірі болып табылады [1, 15 б]. Сондай-ақ әлеуметтік бейімдеу келесі мәселелерді көздейді:

- қоршаған орта мен өз-өзін дұрыс қабылдау;
- айналадағы адамдармен араласу және дұрыс қарым-қатынаста болу;
- еңбекке жарамдылық, оқыту және бос уақыт пен демалысты ұйымдастыру;
- өз-өзіне қызмет көрсету және өз-өзін ұйымдастыра білу;
- рөлдік болжамдарға сәйкес мінез-құлықтың өзгеруі.

Әлеуметтік бейімделудің мәні қызметті және адамның әлеуметтік ортасын түбегейлі ауыстыру жағдайында арта түседі. Бесінші сынып оқушыларында олардың әлеуметтік ортасы (сыныптың, мұғалімдердің жаңа құрамы) және қызмет жүйесі өзгеріске ұшырайды. Жаңалыққа толы жағдайлар адамның бойында қашан да белгілі бір дәрежеде қорқыныш ұялатады. Сол уақытта мұғалімдердің талаптары, оқыту жағдайларының ерекшеліктері, сынып ұжымындағы құндылықтар мен өз-өзін ұстау нормалары туралы тұрақсыз түсінік қалыптасып, оқушы эмоционалды жайсыздықты сезінеді. Ондай жағдай іштегі қорқынышпен, кейде интеллектуалдық және жеке өзіне байланысты шешімдерді қабылдауға қиналудан байқалады. Психикалық үрей, қорқыныш ұзаққа созылған жағдайда, оқушы мектепке бейімделе алмай тәртіпсіз алаңғасар, жауапсыз, оқуда да үлгерімі нашарлап тез шаршайды және мектепке барғысы келмейді. Соматикалық тұрғыдан алғанда ондай әлсіз балалар бейімделмеген болып келеді. Сондай-ақ, оқушының мектептегі өз ортасын дұрыс қабылдау, сыныптастармен және жаңа мұғалімдермен жақсы қарым-қатынаста болу қиынға түседі. Осылайша, оқу үдерісінің өзі қиындай түседі, сабақта жоғары деңгей көрсетіп, тиімді жұмыс жасау едәуір проблемаға айналып, озат оқушының өзі үлгерімі нашар оқушыға айналады.

Оқушының бейімделу процесі мұғалімдер үшін де аса маңызды, себебі оқушыларын жете білмеген мұғалімдер оларды бағалауда қателесуі әбден мүмкін. Сондықтан, мұғалімдер сыныпқа және жекелеген оқушыларға қатысты өз педагогикалық көзқарасын уақытында талдай білуі тиіс.

Оқу жылы қандай жағдайлармен басталмаса да, оқушыларда бейімделу процесі болмай қоймайды. Мәселе басқада, баладағы және мұғалімдерде бейімделу процесі қаншалықты ұзаққа созылады және оның психологиялық пен педагогикалық зардаптары қандай. Мектептегі бейімделу кезеңінің мәні сол бейімделу процесін барынша табиғи өтуін қамтамасыз ету [2, 21 б]. Орта мектепке ауысқан кезде оқудағы қиын проблемаларды болдырмауға болады, ол үшін бесінші сыныпта оқу сапасына әсер ететін факторларды ескеру қажет.

«Бейімделу» ұғымының мәні «Орта мектепте оқуға дайын болу» ұғымымен тығыз байланысты. Бастауыш мектептің оқушылары барлығы бірдей дайын болмайды. Аталған дайындықтың мынадай түрлерін атап кетуге болады:

- оқу қызметіндегі негізгі компоненттердің қалыптастырылуы, бағдарламалық материалдың оңтайлы шарты;
- бастауыш мектеп жасындағы жаңа білім (еріктік) – өз әрекеттеріңді және психикалық процестерді басқару (назар аудару, жады, ой-өріс, сезім), рефлексия – субъектінің ішкі психологиялық

актілері мен жағдайын өздігінен тану, ой-өріс ұғымы (жасына сәйкес келетін нысандарда), өз-өзін ретке келтіру қабілеті;

- мұғалімдер және сыныптастармен өзара қарым-қатынас жасаудың басқа сапалы түрі («ересек»);
- жетекші қызмет (бастауыш буын-оқу қызметі, орта буын-жеке аралық қатынастар);
- орта мектепке ауысуға эмоционалды тұрғыдан дайын болу, ол мектепке қорқыныштың өсуін алдын алады;

- оқушының аталған мектепте оқуға жеке, интеллектуалды және эмоционалды жағынан дайын болуы.

Егер 5-ші сынып оқушысы мектепке барынша бейімделген болса, оның мектепке барғысы келіп, мектептің қоғамдық өміріне белсене араласуы, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынаста болғысы келеді, сондай-ақ оның үнемі көңіл күйі көтеріңкі, үлгерімі де жоғары деңгейде болады, ал егер оқушы өз мектептегі проблемаларын ата-анасын қатыстырып шешсе, оның бойында бағалауға деген жоғары және тиімді реакция пайда болып, ол бастауыш мектеп мұғаліміне жиі жүгінеді, көңіл-күйі болмай, мектепке де баруға құлықсыз, осылайша оның орта мектепке бейімделуі одан сайын сәтсіз бола түседі. Мектептерде қадағалау және психодиагностикалық зерттеулер жүргізген кезде оқушының орта буында оқу үлгерімінің нашарлауы көптеген факторларға, оның ішінде ой-өрістің түрлі нысандарын дамытуды көздейтін 5-сыныптың оқу бағдарламасының шамадан тыс болуына да байланысты [3, 18 б]. Орта мектептің мұғалімдері балалар бастауыш мектептен орта мектептің талаптарына сәйкес келмейтін сөйлеу тілі дамуының төмен деңгейде екенін атап өтуде, көптеген оқушылар өздік жұмыстарын орындай алмай ығи да тапсырмалары жеңіл жұмыстарды орындауды қалайды. Ата-аналар өз балаларының «ересектігіне» сілтей салып, оларға аз көмектеседі. Орта мектептің педагогтары жасөспірім кездегі психологиялық ерекшеліктері туралы жете түсіну үшін өз білімдерінің жеткіліксіз екендігін байқайды, соның салдарынан қарым-қатынастарында да проблемалар туындайды. Педагогтардың пікірінше, пән мұғалімдерінің үй тапсырмаларын беру көлеміне, оқулықтардың күрделілігін ескермей және ең бастысы бастауыш және орта мектеп талаптарының бірізділігін сақтамау салдарынан оқушының мектепке бейімделуі қиындай түседі.

5-сынып оқушысының бейімделу кезеңін барынша тиімді етіп өткізу үшін келесі кезеңдерді қарастыру қажет:

- мектеп психологы тарапынан оқушыны бейімдеу бағдарламасын әзірлеу;
- әр сынып жетекшісінің бейімделу кезеңінің идеясын және оның мәнін, дайындық қажеттілігін қабылдау;

- базалық бағдарлама негізінде мұғалімдер мен балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, сынып жетекшісі тарапынан бейімделу кезеңі бағдарламасын жасау;

- мектеп директоры, оның орынбасарлары балалар үшін бейімделу кезеңін қамтамасыз ететін (мектеп бойынша бұйрық, сабақ кестесін өзгерту, жұмыс жасауға арналған кабинеттерді ұсыну және т.б.) ұйымдасқан жағдай жасау;

- оқушыларға олардың орта мектепке бейімделу үшін басқа да мамандарды тарту (және шынықтыру мұғалімдері, театралды үйірме жетекшілері және т.б.).

Психологтың жұмысы бірнеше кезеңдерден тұрады: диагностикалық және түзету [4, 7 б]. Баланың орта мектепке бейімделуі нақты баланың оқуға және оқушылардың мінез-құлығына қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың диагностикалық мәліметтеріне сәйкес келуіне қарай қарастырылады.

Тексеру нәтижелері дамытудағы нормативті көрсеткіштердің мазмұнымен салыстырылады және оның сәйкес келуі не келмеуі оқушының жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу процесі қалай өтіп жатқанын көрсетеді.

Психологтың оқушылармен жұмыс жасаудағы диагностикалық кезеңінің мазмұны күрделі және олар бастауыш мектепті бітірген уақытта басталады. Балалардың орта мектепке көшудің мотивациялық интеллектуалдық және әлеуметтік-психологиялық дайындығын анықтау негізгі диагностикалық міндет болып табылады. Сондай-ақ жалпы әр сынып бойынша алынған көрсеткіштерді талдап қорыту қажет. Педагогикалық тәжірибе, сыныптар бірінен бірі оқу пәндерінің артықшылықтармен, мотивациялық ерекшеліктерімен, қалыптасу дәжресімен, оның ішінде жекелеген ой-өріс операциялар бойынша, сондай-ақ үрей деңгейімен, сынып ұжымының қалыптасу дәрежесімен, сондай-ақ оқушылар мен педагогтар арасындағы өзара қатынас жасауға қатысты болжамдармен ерекшеленеді. Осындай ерекшеліктер бастауыш мектеп мұғалімінің жеке тұлғалығымен белгіленеді.

Сыныптарда диагностика нәтижелерін салыстырмалы талдау 5-сыныптың пән оқытушыларына, болашақ сынып жетекшілерге нақты ұсынымдар дайындауға мүмкіндік береді. Диагностикалық зерттеулерді жылдың екінші жартысында – ақпан немесе наурызда жүргізген жөн. Зерттеулерде оқушылардың ақыл-ой қабілеттерінің құрылымын зерделеуге арналған тесттер мен интеллектің продуктивті мүмкіндіктерін және әлеуметтік-психологиялық дайындығы жөніндегі тиісті сұрақ-жауап кітапшаларын қолдануға болады. Мысалы, аталған жастағы балаларға арналған жалпы ақыл-ой қабілеттеріне диагностика жасау жөніндегі Амтхауэр тесттерін, сондай-ақ Равеннің прогрессивті матрицасын қолдануға болады. Дәлелді нәтижелер алу үшін бірден екі әдісті қолдануға болады. Балалардың орта мектепке эмоционалды және мотивациялық дайындығын зерделеу үшін аяқталмаған

ұсыныстар әдісін, мектепте Филлипп мектептегі үрейлену тестін, оқушылардың мектептегі мотивация деңгейі мен мазмұнын бағалау ұсынылады.

Бастауыш мектеп педагогының қадағалау және психодиагностикалық зерттеулер нәтижелері бойынша әр сыныптың сипаттамасы ғана емес, 4-сыныптың әр оқушысына толық психологиялық-педагогикалық карта дайындалады. Психолог, бастауыш сынып мұғалімі өз сыныбындағы әр оқушының интеллектуалдық, жеке тұлғалық, эмоционалды мазмұнын сипаттайды.

Психодиагностикалық жұмыстың нәтижелерін психолог 5-сыныптарда жұмыс жасайтын бастауыш мектеп оқытушыларымен және педагогтармен талқылайды. Бұл талқылау психологиялық-педагогикалық консилиум, іскери ойын, «дөңгелек үстел» түрінде өтуі мүмкін. Бірлескен жұмыстың қорытындысы ата-аналармен қоса, оқу-тәрбие процесіне қатысатын барлық қатысушылардың болжамды әрекет ету бағдарламасы болуы мүмкін.

Психодиагностикалық зерттеулерде мектепте бейімделе алмау дағдыларын (оқу қызметіндегі, сыныптастармен, мұғалімдермен, ата-аналармен өзара қатынас жасау проблемалары, үрейдің жоғары болуы және т.б.) көрсеткен оқушыларға психологиялық-педагогикалық түзету бағдарламасы жасалады [5, 11 б]. Психологтың оқушылармен жұмыс жасаудың түзету кезеңі 5-сыныпта басталады. Оның негізгі міндеті оқушылардың жаңа әлеуметтік жағдайды қабылдау дәрежесі мен ерекшеліктерін зерделеуден және қажет болған жағдайда, орта мектепте оқу жағдайларына тиімді бейімделу үшін оларға көмек көрсетуден құралған.

Кіші жастағы жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескеру қажет:

- өздігінен әрекет етуге талпыныс пен оны іске асыруға қабілетсіздік арасындағы карама-қайшылықтар;
- жоғары моторлық және эмоционалды;
- оқушылардың тек мұғалімнің басшылығымен өзара ынтымақтастық жасау қабілеті;
- мұғалімге деген жалпы эмоционалды байланысу аясындағы олардың дербестікке деген талпынысы.

Оқу жылы басталар бұрын психолог сынып жетекшімен бірлесіп мектептегі алғашқы апта бойы іске асыруға қажетті оқушыларға арналған бейімделу кезеңінің бағдарламасын әзірлеу қажет. Сондай-ақ қыркүйек айында 5-сыныптарда жұмыс жасайтын сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерімен кіші жастағы жасөспірімдердің ерекшеліктеріне, ұжымдардың қалыптастырылуына байланысты проблемалар бойынша семинар жүргізу қажет [6, 28 б].

Қыркүйек, қазан айларында сынып жетекшілер, пән мұғалімдері оқушылардың мінез-құлығына және оқу қызметіне бақылау жүргізу қажет. Оқушы мектептің орта буынына бейімделу процесі көбінесе екі айға созылуын ескеріп, оның тиімділігінің психологиялық бағалауын қараша айының басында бастау қажет.

Психодиагностикалық жабдықтарды таңдау кезінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілердің, сондай-ақ әлеуметтік педагогтардың оқушыларға бақылау жүргізу нәтижелерін ескеру қажет. Психолог өз зерттеуінде топтық жұмысқа бағытталған экспресс-диагностика әдістерімен шектелуі мүмкін.

Егер орта мектепте оқушының психологиялық-педагогикалық талаптарына оның интеллектуалдық дамуы сәйкес келетін болса, 4-сыныпта басымдылығы бар эмоционалды жағдайдың, баланың әлемге, өз-өзіне деген қарым-қатынас ерекшеліктерінің мотивациялық саласын зерделеуге жүгінген дұрыс. Оқушының оқудағы созылмалы үлгермеушілігі өзінің танымдық бұзушылықтарына және жоғары тұлғалық немесе мектептегі үрей нәтижесі, өз-өзіне деген сенімсіздіктің туындауы, ата-аналардың бағаларға немесе оқушыны қанағаттандырмайтын сыныптағы жағдайына деген қорқыныштан туындауы әбден мүмкін. Жасөспірім жасқа кірген уақытта балаға көмек көрсету бағдарламасы психологтардың, педагогтар мен ата-аналардың тек бірлескен жұмысы арқылы іске асырылуы мүмкін [7, 23 б].

Сыныптағы микроклимат, көбінесе оқу қызметінің нәтижелері негізінен сынып жетекшіге байланысты. Аталған мақалада 5-сыныптың сынып жетекшілеріне ұсынымдар береміз:

- алғашқы ата-аналар жиналысында жаңа мұғалімдерді таныстыру, ата-аналардың олармен жақсы қарым-қатынаста болуға септігін тигізу қажет;
- оқушылардың ата-аналарымен байланысты (кездесулер, хаттар, телефон қоңыраулары және т.б.) үзбеңіздер;
- психолог және әлеуметтік педагогпен үнемі байланыста болыңыздар;
- жаңа оқушыларға сыныптастарының аты-жөнін және пән мұғалімдерінің аты-жөнін (визиткаларды қолдануға болады) есте сақтауға көмектесіңіздер;
- жеке ерекшеліктерінің үйлесімдіктерін, денсаулығын, ата-аналардың тілектерін ескере отырып сыныпта балаларды дұрыс отырғызыңыз;
- әр баланың жеке дара нормаларын, яғни оның кешегі, бүгінгі және мүмкін ертеңгі жетістіктерін салыстыру арқылы оның өзекті және жақын даму зоналарын ескеру қажет.

Бесінші сынып оқушыларының орта мектепке бейімделуі кезінде туындайтын проблемалар олардың жаңа педагогтарға үйренуімен ғана шектелмейді, кейде жаңа сыныпқа, оқу қызметіндегі жаңа талаптарға да байланысты. Аталған мақалада бесінші сынып оқушыларының жоғары сынып оқушыларымен мүмкін болатын психотравматикалық аспектілерін, педагогтардың өздерінің жаңа сынып ұжымына, жекелеген оқушыларға бейімделу проблемасын қарастырмаймыз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. - М.: Совершенство, 1997.
- 2 Глассер У. Школа без неудачников. - М.: Прогресс, 1991.
- 3 Иванова Н.В., Кузнецова М.П. Адаптационный период в школе: смысл, значение, опыт // *Журнал практ. психолога.* – 1997. – № 2. - С. 20-22.
- 4 Лусканова Н.Г. Методы исследования детей с трудностями в обучении. - М.: Просвещение, 1993.
- 5 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. - М.: Просвещение, 1993.
- 6 Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. - М.: Просвещение, 1993.
- 7 Психология. Словарь. - М.: Политиздат, 1990. - С. 15.

**REFERENCES**

- 1 Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. - М.: Совершенство, 1997.
- 2 Глассер У. Школа без неудачников. - М.: Прогресс, 1991.
- 3 Иванова Н.В., Кузнецова М.П. Адаптационный период в школе: смысл, значение, опыт // *Журнал практ. психолога.* – 1997. – № 2. - С. 20-22.
- 4 Лусканова Н.Г. Методы исследования детей с трудностями в обучении. - М.: Просвещение, 1993.
- 5 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. - М.: Просвещение, 1993.
- 6 Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. - М.: Просвещение, 1993.
- 7 Психология. Словарь. - М.: Политиздат, 1990. - С. 15.

**RESUME**

*A.K. Satynskaya, Candidate of Pedagogical Science,*

*A.T. Kultumanova*

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

***Pedagogical activity during the period of adaptation to the middle level of secondary school***

*This article views the issues of adaption of the 5-th grade schoolboy to the middle level of a secondary school. The opportunities of creative attitude to the organizing the transition period schoolboy are considered. The reasons of the problems of the adaptation schoolboy are revealed.*

***Key words:*** *adaption, secondary school, psychological and teaching support.*

**РЕЗЮМЕ**

*A.K. Сатынская, кандидат педагогических наук,*

*A.T. Культуманова*

*Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

***Педагогическая деятельность в период адаптации к среднему звену***

*В данной статье рассматривается проблема перехода учащихся пятых классов в среднее звено, также причины социальной адаптации. Организация периодов адаптации рассматривается с учетом творческих аспектов развития учащихся. Психолого-педагогическое сопровождение процесса адаптации должно проводиться системно.*

***Ключевые слова:*** *учебная подготовка, социальная среда, система работы, факторы.*